

№5194-24-00-4/988

ЖЕКЕ ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 27 қараша

Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында:

төрағалық етушісудья Ж.Дербисалиева,

хатшылықта Ш.Дадаханова болып,

прокурор А.Аралбекоываның, талап қоюшының өкілі М.Садыковтың, талап қоюшының директоры Б.Искендеровтің, жауапкерлердің өкілі С.Тайрахуновтың, Г.Бижигитовтің, мүдделі тұлға Б.Таскуловтың қатысуымен,

ашық сот отырысында талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер Келес ауданы әкімдігінің жанындағы жер комиссиясына және Келес ауданы әкіміне, мүдделі тұлғалар «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, Бауыржан Салдарович Джамаловқа және Бахыт Ибрагимович Таскуловқа жер комиссиясының қорытынды хаттамаларына және қаулыға дау айту және қолайлы акті қабылдауға міндеттеу туралы әкімшілік ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 27 қарашадағы шешімімен талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) жауапкерлер Келес ауданы әкімдігінің жер комиссиясына және Келес ауданы әкіміне, мүдделі тұлғалар «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, Бауыржан Салдарович Джамаловқа және Бахыт Ибрагимович Таскуловқа жер Жер комиссиясының қорытынды хаттамаларына, қаулыға дау айту және қолайлы акті қабылдауға міндеттеу туралы талабы ішінара қанағаттандырылған.

Түркістан облысы, Келес аудандық әкімдігі жанындағы жер Жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы № 23-34 және 2024 жылғы 15 қазандағы № 24-4 қорытындылары және Келес ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 16 қазандағы № 274 қаулысы заңсыз деп танылып, күші жойылған.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырылудан бас тартылған.

Аталған әкімшілік істі қарау барысында жауапкерлер төмендегідей заң бұзушылықтарға жол берген.

Іс - құжаттарынан анықталғаны:



Серіктестік 2006 жылғы 25 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған қызметпен айналысады.

Серіктестік 2024 жылы 21 мамырда Түркістан облысы Келес ауданы «Бозсу» СҚ-ІІ-ІІІ блоктарға кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге №127 лицензия (бұдан әрі - Лицензия) алған. Жер қойнауы учаскесі аумағының шекарасының ауданы 139,5 га құрайды.

2024 жылы 10 маусымда Серіктестік Лицензия бойынша қызметін жүзеге асыру үшін жер беру туралы өтінішпен «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы Келес ауданы әкіміне (бұдан әрі - Әкім) жүгінген.

Серіктестіктің аталған өтініші Келес ауданы әкімдігінің жер комиссиясының отырысында қаралып, (бұдан әрі - Жер комиссиясы) 2024 жылы 14 тамыздағы қорытындымен Серіктестікке сұратылған жер беруден бас тартылған. Негіздеме: елді мекен тұрғындары бір ауыздан келіспейтіндігі, мал жайылым, жолдың бұзылуы, ауыл шаруашылық жерлеріне және табиғатқа зиян келуі деп көрсетілген.

Аталған қорытынды туралы Әкім 2024 жылғы 21 тамыздағы №ЗТ-2024-04338233 хатымен Жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы №23-34 хаттамасы негізінде теріс қорытынды қабылдағандығы туралы хабарлаған.

Серіктестік Жер комиссиясымен өзара келісімге келіп, 2024 жылы 25 қыркүйекте қайтадан жер беру туралы өтінішін Әкімге жолдаған.

Жер комиссиясы 2024 жылы 15 қазанда Жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы қорытындысын бұзған және сол күні №24-4 қорытындысымен 2024 жылғы 25 қыркүйектегі өтініш бойынша Лицензияда көрсетілген жер қойнауына арналған жерді беруден бас тарту қорытындысын қабылдаған. Негіздеме көрсетілмеген.

Содан Әкім 2024 жылғы 16 қазандағы №274 қаулы (бұдан әрі - Қаулы) қабылдап, онда Лицензия міндеттемелерін орындау үшін көпшілік пайдаланылатын жайылымдар жеке меншікке және жер пайдалануға берілмейді, жеке ауылдағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажына ғана пайдаланатындықтан және бос жер учаскелері болмауына байланысты 139,5 га жер учаскесі өтеулі уақытша пайдалануға жалға беруден бас тарту мақұлданып деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі - Жер кодексі) 16-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сай облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құзыретіне жер қойнауын пайдалану (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыс жайларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін),



магистральдық құбыржолдарды, мұнай мен газды қайта өңдеу объектілерін салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін жер учаскелерін беру, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару кіреді.

Жер кодексінің 14-1 бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сай Облыстың уәкілетті органының құзыретіне: осы Кодекстің 44-2-бабында өзгеше көзделмесе, облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану мақсаттары (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральдық құбыржолдарды, мұнай және газ өңдеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) үшін, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнеркәсіптік-инновациялық жобалары, инвестициялық басым жобаларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау кіреді.

Жоғарыда көрсетілген заң нормасының мазмұнына қарағанда Лицензияға қатысты жерді беру туралы шешімді Түркістан облысының әкімі қабылдайды және уәкілетті орган Түркістан облысының «Жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұсыныстарды және шешімдерді дайындайды.

Осыдан сот, Әкім Серіктестіктің Лицензияға сай жер беру туралы 2024 жылғы 10 маусымындағы және 25 қыркүйегіндегі арыздарын қарау құзыретіне кірмейтіндігіне қарамастан Жер комиссиясына жолдап, онда Жер комиссиясында отырыста қарап, сондағы елді мекендегі тұрғындарды даурықтырып, жердің басына барып, заңсыз қорытындылар қабылдаған және заңсыз қабылданған қорытынды нәтижесі бойынша Серіктестікке жер беруден бас тарту мақұлдансын деген даулы қаулыны қабылдаған деп қорытады.

Жер кодексінің 43-бабының 7-тармағында жер учаскелерін беру жоғары тұрған жергілікті атқарушы органның құзыретіне кіретін жағдайларда төмен тұрған жергілікті атқарушы орган, кенттің,



ауылдың, ауылдық округтің әкімі жерге орналастыру жобасын осындай берудің мүмкін екендігі туралы өз шешімімен бірге жоғары тұрған жергілікті атқарушы органға түпкілікті шешім қабылдау үшін жібереді.

Сот аталған нормадан әкімшілік рәсім Түркістан облыс әкіміне өтініш түскенде қозғалуы, содан кейін ғана Келес ауданы әкімі тек жерге орналастыру жобасын осындай берудің мүмкін екендігі туралы шешімін, сол рәсімнің бір бөлігі ретінде беруі тиіс болған деп табады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі-ӘРПК) 65-бабының бірінші бөлігінде жолданымды қарау өкілеттігіне кірмейтін әкімшілік органға, лауазымды адамға келіп түскен жолданым, келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде әкімшілік рәсімге қатысушыға бір мезгілде хабардар ете (хабарлай) отырып, уәкілетті әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданады.

Сонымен сот, Әкім ӘРПК-нің 65-бабының талабын өрескел бұзып, Серіктестіктің жер беру туралы өтініштерін Түркістан облысы әкіміне жолдаудың орнына, құзыреті шегінен шығып қабылдап, өтініштерді Жер комиссиясына жолдап, нәтижесі бойынша қабылданған қорытындыға сай заңсыз даулы қаулыны қабылдағанын анықтады.

Сондай-ақ, Жер комиссиясы да осы қателікке жол берілген, себебі бұл Жер комиссиясы Жер кодексінің 14-1-бабында көрсетілген уәкілетті орган болып табылмайды.

Одан бөлек, сотта Жер комиссиясының аудио-бейне жазбаларын зерделеу кезінде бұл жауапкердің 2024 жыл 14 тамыздағы қорытындыны қабылдағанда мәселені мүлдем ашық дауысқа салмағаны, тек күн тәртібін дауысқа салғаны, ал қорытындыға Жер комиссия мүшелері өз беттерінше қол қойып, қабылданғаны анықталды.

Бұл факті бойынша Жер комиссиясының хатшысы С.Тайрахунов сотта берген түсінігінде Жер комиссия мүшелері бір күн бұрын құжаттармен танысқан, сондықтан өздері осылай қол қояды деп көрсетті. (дәлел 2024 жылғы 14 тамыздағы жер комиссиясымен жүргізілген аудио-бейне жазба).

Сондай-ақ, 2024 жылғы 15 қазандағы Жер комиссия отырысының аудио- бейне жазбасын зерделеу кезінде Жер комиссиясы 2024 жылғы 14 тамыздағы қорытындысын дауыс беру арқылы күшін жою туралы, содан кейін Серіктестіктің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі өтініші бойынша бас тарту туралы қорытындыларды ашық дауысқа салып қабылдағаны, онда Әкімнің орынбасары С.Джилкибаевтың өзі



төрағалық еткені, бірақ дауыс беру алдында төраға "қаралатын мәселе бас тартылатын"- деп өз ойын айтып, содан кейін ғана дауысқа салғанын анықталды.

Дегенімен Жер кодексінің 43-бабында және Жер комиссиясы туралы ережеде комиссияның өзінің қорытындысын өзі күшін жоюға құқық берілмеген.

Қорыта келе, сот Әкім өзінің құзыретіне не кіретін, не кірмейтінін, ал Жер комиссиясының жер учаскесін беру туралы өтініштерді қарау кезіндегі жалпы рәсімдерді жүргізу тәртібін мүлдем білмейтіндерін, нәтижесінде Жер кодексінің 43-бабының талаптары бұзылып, құқыққа сыйымсыз әрекеттер жасалып, әкімшілік актілер қабылданған деп тұжырымдайды.

ӘРПК-нің 1-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, егер осы Кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің *(бұдан әрі-АПК)* ережелері қолданылады.

АПК-нің 270-бабының бірінші бөлігінде көрсетілгендей, заңдылық бұзылған жағдайлар анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы, ал егер бұзушылыққа мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, жеке ұйғарым шығару соттың құқығы болып табылады.

Істің мұндай тұрғысында жауапкерлердің өтініштерді қарау барысында ӘРПК-нің және Жер кодексінің талаптарын бұзғаны анықталғандықтан және мұндай бұзушылықтар халықтың, бизнес өкілдерінің, инвесторлардың жергілікті билік пен Жер комиссиясына деген сенімін жоғалтатынын ескеріп, болшақта бұзушылықтарды болдырмау мақсатында Түркістан облысының әкімінің назарына жеткізу қажет деп санайды.

АПК-нің 270-бабын басшылыққа алып сот,

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Келес ауданы әкімі және Келес ауданы әкімдігінің жанындағы жер комиссиясы тарапынан жол берілген заң бұзушылықтарға Түркістан облысы әкімінің назары аударылсын.

Түркістан облысының мамандандырылғын ауданаралық әкімшілік сотына бір айдың көлемінде қабылданған шара туралы жазбаша хабарлансын.

Ұйғарымға жекеше шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде



Түркістан облыстық сотының әкімшілік істер қарайтын сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы беріледі.

Судья

Ж.Дербисалиева

